



«ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ АКАДЕМИЯСЫ» ЖШС

БЕКІТЕМІН

Ректордың м.а.

Дукетаев Б.А.



2025 ж.

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

Астана, 2025

	Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы	ҒТК Ережесі – 2025 Бет 2/8
---	---	----------------------------------

Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясының Ғылым және коммерцияландыру департаментінің ғылым бөлімі әзірлеген.

Ғылым бөлімінің басшысы



Сакиева М.К.

«26» 02 2025 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым және инновация
жөніндегі проректордың м.а.



Тен А.В.

«26» 02 2025 ж.

Ғылыми кеңеспен мақұлданды. № 9 хаттама «27» 02 2025 ж.

	Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы	ҒТК Ережесі – 2025 Бет 2/8
---	---	---

1. Жалпы ережелер

1.1 Ғылыми-техникалық Кеңес туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясының (бұдан әрі - Академия) қызметін ұйымдастыру, сондай-ақ, ғылыми-техникалық кеңес (бұдан әрі-ҒТК) мүшелерін сайлау тәртібін белгілейді.

1.2 ҒТК ғылыми, инновациялық және зерттеу қызметін үйлестіру және басқару үшін құрылатын дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы жанындағы алқалы кеңесші орган болып табылады.

1.3 Ғылыми-техникалық Кеңес туралы ереже Академияның құжаттама жинағына кіреді.

2. Қызметтің нормативтік негіздері

Осы Ережеде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

27.07.2007 ж. ҚР «Білім туралы» Заңы 2022.06.27 № 129-VII өзгертулер мен толықтырулармен.

«Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ Заңы.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі № 427 патенттік Заңы.

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-I Заңы.

«Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. Бұйрығы 2023 жылғы 6 қарашадағы № 563. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 8 қарашадағы № 33613 болып тіркелді.

«Ғылыми атақтар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 128 бұйрығы (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор).

	Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы	ҒТК Ережесі – 2025 Бет 2/8
---	---	---

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 10 қаңтардағы № 8 «Ұйымдардың технологиялардың әзірлігі мен технологиялық дайындығының деңгейлерін айқындау әдістемесін бекіту туралы» бұйрығы.

«Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы» ЖШС жарғысы.

АРЕМС Нормативтік құжаттары.

Осы Ереже.

3. Мақсаты мен негізгі міндеттері

3.1 ҒТК қызметінің негізгі мақсаты Академияның ғылыми және инновациялық қызметін дамытуға жәрдемдесу, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің сапасы мен тиімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

3.2 ҒТК негізгі міндеттері:

- Академия ғалымдарының ғылымның басым бағыттарын дамыту, ЖОО ғылымының ролін арттыру, Академияның зияткерлік және ғылыми әлеуетін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, оның қысқа және ұзақ мерзімді кезеңдерге тұрақты дамуына қажетті жағдайлар жасау жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар дайындау;

- жобалардың ғылыми жетекшілерінің аралық, жылдық және қорытынды есептерін тыңдау;

- Академияда өткізілетін, оның ішінде жас ғалымдар орындайтын ғылыми зерттеулердің (ҒЗЖ, ҒЗТҚЖ және басқа да жұмыстар туралы есептер) негізгі нәтижелерін талдау және бағалау;

- ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыруды дамытуға жәрдемдесу;

- Академияның ғылыми-техникалық және инновациялық жобаларының ғылыми-техникалық сараптамасының қорытындыларын және профессор - оқытушылар құрамының (бұдан әрі-ПОҚ) ғалымдары мен Академия мамандары дайындаған бөгде ұйымдарды қарау;

- мемлекеттік және басқа да сыйлықтар алуға ұсынылатын ғылыми жұмыстарды қарауға шығару;

- ғалымдарға, оның ішінде жас ғалымдарға мемлекеттік стипендия тағайындауға кандидаттар ұсыну;

- түрлі конкурстарға кандидатуралар туралы ұсынымдар дайындау;

- оқу-ғылыми, ғылыми-зерттеу зертханаларын, орталықтар мен басқа да ғылыми бөлімшелерді құрудың, қайта ұйымдастырудың немесе таратудың орындылығы туралы ұсынымдар дайындау және қабылдау;

	Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы	ҒТК Ережесі – 2025 Бет 2/8
---	---	---

- патенттік-лицензиялық, баспа-ақпараттық жұмысты кеңейту және күшейту бойынша ұсыныстар дайындау;
- ЖОО-ішілік әдебиеттерді шығару жоспарларын және басқа баспаларда басылымдарға өтінімдерді талқылау.

4 ҒТК құрылымы, мүшелерді сайлау және шығару тәртібі

4.1 ҒТК құрамы ректордың бұйрығымен бекітіледі және жетекші ғалымдардан, бөлімше басшыларынан, профессорлардан, ғылыми мектептер өкілдерінен және жас зерттеушілерден құралады.

4.2 ҒТК мүшелері Академия ұжымының жалпы жиналысында көпшілік дауыспен сайланады.

4.3 Академияның жетекшілік ететін проректоры ҒТК басқарады.

4.4. ҒТК мүшелерінің ішінен ашық дауыс беру арқылы ҒТК төрағасының орынбасары және ғылыми хатшысы сайланады.

4.5 Объективті себептер бойынша (жиналыстарда жылына 2 реттен артық болмауы немесе өндірістік қажеттілік бойынша) ҒТК мүшелерін ауыстыруды немесе алып тастауды жүзеге асыруға болады.

4.6 Қажет болған жағдайда ҒТК отырыстарына ҒТК мүшелері болып табылмайтын адамдар шақырылуы мүмкін.

5. ҒТК жұмысын ұйымдастыру

5.1 ҒТК төрағасы жұмысты бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырады және отырыстар өткізеді. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын ҒТК төрағасының орынбасары орындайды. Отырыстарды өткізу үшін кворум қатысып отырған ҒТК мүшелерінің 2/3 құрайды.

5.2 Ғылыми хатшы ҒТК отырыстарын дайындау (кезекті отырыстар туралы ҒТК мүшелерін хабардар ету) және өткізу бойынша ағымдағы жұмысты жүзеге асырады.

5.3 ҒТК шешімдері хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға ҒТК төрағасы немесе Төрағаның орынбасары және ғылыми хатшысы қол қояды.

5.4 ҒТК шешімі, егер оған қатысып отырған ҒТК мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

5.5 ҒТК шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады. ҒТК өз құзыретіне кіретін кез келген мәселе бойынша жасырын дауыс беру туралы шешім қабылдай алады.

5.6 ҒТК өз жұмысында Ғылыми Кеңес, ғылым және коммерцияландыру департаменті және оның бөлімшелері, білім беру бағдарламалары департаменттері, Академияның Ғылыми кітапханасы сияқты кеңестермен және бөлімшелермен тығыз байланысты.

 APEMS THE ACADEMY OF PHYSICAL EDUCATION AND MASS SPORTS	Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы	ҒТҚ Ережесі – 2025 Бет 2/8
---	---	---

6. Мүшелердің міндеттері мен құқықтары

6.1 ҒТҚ Төрағасы жұмыс жоспарын бекітеді және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылайды.

6.2 ҒТҚ-да қарауға жекелеген мәселелерді дайындау үшін төраға мен оның орынбасары академияның жетекші мамандарын тарта отырып, арнайы жұмыс топтарын тағайындауға құқылы.

6.3 ҒТҚ мүшелері ҒТҚ-ның барлық отырыстарына қатысуға, қаралатын мәселелерді талқылауға белсенді қатысуға, ҒТҚ тапсырмаларын белгіленген мерзімде орындауға міндетті.

6.4 ҒТҚ мүшелері:

- Академияның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан ҒТҚ отырыстарында қаралатын мәселелерді дайындау үшін қажетті мәліметтер мен материалдарды сұрату;
- материалдарды дайындауға қатысу үшін бөлімше қызметкерлерін олардың басшылығымен келісе отырып тарту;
- қорытындыларды қарау және дайындау үшін материалдарды құрылымдық бөлімшелерге беру;
- Академияның ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі мәселелерін талқылауға шығару.

7. Қорытынды ережелер


7.1 Төраға, төрағаның орынбасары немесе ғылыми хатшы қол қойған ҒТҚ пікірлері, үзінділері және басқа да құжаттары қажет болған жағдайда Академияның мөрімен куәландырылады.

7.2 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды жетекшілік ететін проректор қарайды және бекітеді.

7.3 ҒТҚ қайта ұйымдастыру мен таратуды Академияның Ғылыми кеңесі қарайды және бекітеді.

7.4 Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Академия құрылымында өзгерістер болған жағдайда қайта қаралуға тиіс.

7.5 Осы Ереже ол бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және ол жойылғанға немесе жаңа құжатпен ауыстырылғанға дейін қолданылады.

[illegible]